

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 шілдедегі N 623 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 2 қараша N 1117. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.31. N 1381 қаулысымен. ~P981381

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Жол қорының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 шілдедегі N 623 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 21, 180-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жол қорының қаражатын қалыптастыру туралы ереженің 33-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші-тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин мен дизель

отынынан алынатын алым ставкасы 1998 жылғы 10 қарашадан бастап мынадай мөлшерде белгіленеді:

бензин бойынша (авиациялықты қоспағанда) - бір метрлік тонна үшін 4000 теңге;

дизель отыны бойынша - бір метрлік тонна үшін 1000 теңге.

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын бензин мен дизель отынынан алынатын алым ставкасы 1998 жылғы 10 қарашадан бастап мынадай мөлшерде белгіленеді:

бензин бойынша (авиациялықты қоспағанда) бойынша - бір метрлік тонна үшін 10 000 теңге;

дизель отыны бойынша - бір метрлік тонна үшін 8000 теңге".

2. Осы қаулы 1998 жылғы 10 қарашадан бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК